

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1460 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туралы ереже;
- 2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 154 қаулысымен;
- 3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 154 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 154 қаулысымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.10.11 N 928 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;
- 2) "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-баспа орталығы" - "Қазстатақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 479 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 153, 153 - қ ұ ж а т) :

3-тармақтың алтыншы абзацы алынып тасталсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

31

желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 154 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мемлекеттік статистикалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің құрылтай

қ ұ ж а т ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

11. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға т ү с у і н е т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Егер Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің миссиясы қоғамның, мемлекет пен халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру болып табылады.

1 4 . М і н д е т т е р і :

1) статистикалық әдіснаманы қалыптастыру;
2) мемлекеттік статистика қағидаттарын сақтай отырып, статистикалық қ ы з м е т т і ж ү з е г е а с ы р у ;

3) қоғамның, мемлекет пен халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру.

1 5 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және і с к е а с ы р а д ы ;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3) ұлттық санақтардың бағдарламаларын әзірлейді және олардың іске а с ы р ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

4) халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес статистикалық әдіснаманы қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

5) жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жөніндегі статистикалық әдіснаманы б е к і т е д і ;

6) жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды, сондай-ақ оларды бекіту тәртібін бекітеді;

- 7) респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 8) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде статистикалық жұмыстар жоспарын, респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кестесін және ресми статистикалық ақпаратты алдағы күнтізбелік жылға тарату кестесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;
- 9) статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды ұйымдастырады және жүргізеді;
- 10) респонденттер алғашқы статистикалық деректерді ұсынған кезде оларды статистикалық нысандармен және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді;
- 11) әкімшілік деректерді статистикалық ақпаратты түзу және статистикалық тіркелімдерді өзектілендіру үшін ғана пайдаланады;
- 12) мемлекеттік статистика органдарын статистикалық жіктеуіштерді уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастыру арқылы олармен қамтамасыз етеді;
- 13) мынадай статистикалық тіркелімдерді:
статистикалық бизнес-тіркелімді;
халықтың статистикалық тіркелімін;
ауыл шаруашылығының статистикалық тіркелімін;
тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімін жүргізуді жүзеге асырады;
- 14) республиканың және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық дерекқорды жинақтауды, жүргізуді және өзектілендіруді қамтамасыз етеді;
- 15) мемлекеттік статистика саласындағы ғылыми-зерттеу әзірлемелерін ұйымдастырады;
- 16) уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша түсініктемелер береді;
- 17) мемлекеттік статистиканы жетілдіру мақсатында консультациялық-кеңесші органдарды құрады, олар туралы ережені уәкілетті органның басшысы бекітеді;
- 18) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты және ынтымақтастық шеңберінде шарттар жасасуды жүзеге асырады;
- 19) мемлекеттік статистика органдары статистикалық қызметінің Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі бекіткен ведомстволық статистикалық байқаулар жөніндегі статистикалық әдіснамаға сәйкестігіне сараптама жүргізеді және сараптама жүргізуге қажетті құжаттарды (ақпаратты) сұратады;
- 20) мемлекеттік статистика саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының

талаптарын сақтау мәніне тексерулерді қоспағанда, мемлекеттік статистика саласында, оның ішінде респонденттер ұсынған статистикалық деректердің және шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің дәйектілігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

20-1) Кеден одағына мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда статистикасын қалыптастырады және жүргізеді;

20-2) мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесін бекітеді;

20-3) ведомстволық жіктелімдерді жүргізудің үлгілік әдістемесін бекітеді;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 790 қаулысымен.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) респонденттерден алғашқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алу;

2) үй шаруашылықтарынан олардың табыстары мен шығыстары туралы қажетті алғашқы статистикалық деректерді өтеулі және өтеусіз негізде алу;

3) статистикалық ақпаратты түзу кезінде бұрмалаушылықтар, қателер, ағаттықтар анықталған жағдайда алғашқы статистикалық деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпаратты талап ету;

4) респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді бұрмалағаны анықталған кезде респонденттерден алғашқы статистикалық деректерді қамтитын статистикалық нысандарға түзетулер енгізуді талап ету;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұлттық санақты өткізу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізу;

6) статистикалық жұмыстар жоспарын орындау үшін респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кестесін және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесін бекіту;

7) статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемдерде ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес ресми статистикалық ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсына орналастыру арқылы пайдаланушылардың сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметін ұйымдастыру

17. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне басшылықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Төраға жүзеге асырады.

18. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасын Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларындағы (аяларындағы) саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

3) Қазақстан Республикасының Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін білдіреді;

4) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;

5) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің регламентін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауап береді;

7) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

22. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мүлкі

23. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін қайта ұйымдастыру және тарату

26. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

«Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

1. Ақмола облысының Статистика департаменті
2. Ақтөбе облысының Статистика департаменті
3. Алматы облысының Статистика департаменті
4. Атырау облысының Статистика департаменті
5. Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті
6. Жамбыл облысының Статистика департаменті
7. Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті
8. Қарағанды облысының Статистика департаменті
9. Қызылорда облысының Статистика департаменті

10. Қостанай облысының Статистика департаменті
11. Маңғыстау облысының Статистика департаменті
12. Павлодар облысының Статистика департаменті
13. Солтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті
14. Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті
15. Астана қаласының Статистика департаменті

16. Алматы қаласының Статистика департаменті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1460 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

**Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 154
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1460 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі

**Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2013 № 154
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1460 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 10, 98-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-баспа орталығы" - "Қазстатақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 479 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 15, 153 - құжат) 4 - тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 тамыздағы N 912 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 27, 299 - құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 708 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 26, 337-құжат).